

Көшенің атын өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігі Атакент кенті әкімінің 2011 жылғы 2 маусымдағы N 58 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 23 маусымда N 14-7-145 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4-тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып, Мақтаарал ауданы, Атакент кентінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Мақтаарал ауданы, Атакент кентіндегі М.Бабышев көшесінің аты Қажымұқан Мұңайтпасов көшесі деп өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзіретіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Атакент кенті әкімі

Д.Мамутов